КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 шілде №2301-25-00-2/1141 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы М.Медетованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Жайық» Альбина Өмірболатқызы Өмірболат

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.И.Мурсалимова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 23 қаңтарда мемлекеттік сатып алу туралы №76б келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «860 кг тәтті кілегейлі сары май» жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 281 314 теңге. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, аталған жұмыстар жауапкермен тиісті түрде жасалмағанын, 2025 жылғы ақпанда сары май ішінара жеткізілгенін, 2025 жылғы 7 сәуірде, 11 сәуірде электрондық портал арқылы өтініш жолданғанын, алайда міндеттеме орындалмағанын, сондықтан оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен сот отырысына қатыспады.

"Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы" ШЖҚ КМК
КГП на ПХВ "Атырауский областной центр психического здоровья"
Управления здравоохранения Атырауской области
Кіріс № 1416
«04» 08 2025 ж.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (келесіде – Заң) 8-бабының 4-тармағының 4) тармақшасына сай, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:

1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

2) шарттық міндеттемелерді орындау;

3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сотта анықталғандай, 2025 жылғы 23 қаңтарда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №76б келісім-шарт жасақталған. Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 30.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2025, Сулы Дәулетова О. Ш. 04.09.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасы «Атырау облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Жайық» Альбина Өмірболатқызы Өмірболатты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жайық» Альбина Өмірболатқызы Өмірболат мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жайық» Альбина Өмірболатқызы Өмірболаттан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 30.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2025, Сулья Лаймановна О. Ш., 04.09.2025

Судопроизводство

2301-25-3-1/1309